

*ҚРҰБ Төрағасының «Әлеуметтік-экономикалық даму және
2021 жылғы қаңтар-қыркүйектегі республикалық бюджетті
орындау
қорытындылары туралы» ҚР Үкіметі отырысындағы баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2021 жылғы 12 қазан*

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Биылғы жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша әлемде **инфляциялық** қысымның **күшеюімен** және ақша-кредит талаптарын **күшейтудің** күтілуімен қатар жүретін **әлемдік ішкі жалпы өнім** мен **іскерлік белсенділіктің өсуі** байқалады.

**(ӘЛЕМДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКА ҚАЛПЫНА
КЕЛУІН ЖАЛҒАСТЫРУДА)**

Биылғы жылғы 3-тоқсанда әлемдік экономика **пандемияға дейінгі** деңгейге қайта оралды және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының болжамдары бойынша **2021-2022 жылдары** қалпына келуді **жалғастырады**. 2021 жылы **әлемдік ішкі жалпы өсімнің өсуі 5,7%-ті** құрайды, оның ішінде Қазақстан Республикасының негізгі сауда серіктестері болып табылатын елдер арасында **Еуроаймақта 5,3%, Қытайда – 8,5%, Ресейде – 2,7%** өсім күтіледі.

Әлемдегі іскерлік белсенділік индексі 3 ай төмендегеннен кейін қыркүйекте қызмет көрсету секторы есебінен 52-ден 53-ке дейін өсті.

Қазақстандағы **іскерлік белсенділік индексі** құрылыс пен қызметтердегі белсенділіктің **49,3-ке және 49,1-ге дейін төмендеуіне** байланысты **49,8-ге дейін 0,4 тармаққа төмендеді, өнеркәсіптегі индекс 50,9-ға дейін 1,8 тармаққа өсті.**

Әлемдік экономиканың жылдам қалпына келуі **фискалдық ынталандырулар** мен **жеңіл ақша-кредит талаптары** есебінен мүмкін болды.

(ӘЛЕМДЕ ӨСІП КЕТКЕН СҰРАНЫС НӘТИЖЕСІНДЕ ШИКІЗАТ ҚЫМБАТТАУДА)

Әлемдік экономиканың қалпына келуінен кейін **сұраныстың тез өсуі шикізат** бағасына **қысым** көрсетеді.

Биылғы жылғы тамызда **өнеркәсіптік шикізат** құны негізінен **Қытай** мен **дамыған елдер** тарапынан **жоғары сұранысқа** байланысты базалық металдардың **42,6%-ке** қымбаттауы есебінен **38,5%-ке** өсті. Осы кезеңде **ауыл шаруашылығы шикізаты 22,7%-ке** қымбаттады.

Биылғы жылғы **қыркүйекте өсімдік майы, дәнді дақылдар, сүт өнімдері** мен **қант** бағасының көтерілуі нәтижесінде **ФАО азық-түлік бағаларының индексі 130,0-ға** дейін өсті. Бір жыл ішінде ФАО индексі **32,8%-ке** өсті.

Baltic Dry Index бағалауы бойынша 2019 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда бағасы **5,4 есе, 2020 жылғы мамырмен** салыстырғанда – **10 есе** өскен **құрғақ жүк тасымалының бұдан былайғы қымбаттауы** биылғы жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша өндірушілер бағасын өсірудің қосымша көзіне айналды.

Шикізат тауарларының **барынша жоғары бағасын** және көлік шығыстарының **өсуін** назарға ала отырып, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы олардың **G20** елдерінің тұтыну бағаларының жылдық инфляциясына қосқан үлесін **1,5 пайыздық тармақ** деңгейінде бағалайды.

(ДАМЫҒАН ЕЛДЕР ДЕ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫН КҮШЕЙТУГЕ КІРІСТІ)

Әлемде инфляциялық қысымның өсуі нәтижесінде **дамыған елдер де** ақша-кредит саясатын **күшейтуге** кірісті.

Осы жылғы 22 қыркүйектегі отырысында **Федералдық резервтер жүйесі** ставканы **2023 жылдың** орнына **2022 жылдың өзінде барынша ерте** арттыруды талқылады. Биылғы жылғы қарашада **QE тоқтату** жарияланатыны күтіледі.

Еуропа орталық банкі Еуроодақта инфляцияның 13 жылдық ең жоғары көрсеткішке дейін **3,4%-ке**, оның ішінде **Германияда 28 жылдық** ең жоғары көрсеткішке дейін **4,1%-ке**, **Францияда 10 жылдық** ең жоғары көрсеткішке дейін **2,7%-ке** ж

е Осы жылғы қыркүйектің басынан бастап **22 ел** негізгі ставканы **дсірді**, оның ішінде **Ресейде** тағы да инфляция биылғы жылғы қыркүйекте **5 жылдағы ең жоғары көрсеткішке** дейін **7,4%-ке** өсуі аясында ставка **6,75%-ке** дейін **0,25 пайыздық тармаққа** өсті. **Жаңа Деландия мен Норвегияның** орталық банктері де **25 базалық тармаққа** арттырды.

у Осыған байланысты **дамыған елдердің** орталық банктері жағынан ынталандыру шараларының күтіліп отырған тоқтатылуы әлемде **бейтарап** ақша-кредит саясатына **өтудің маңызды кезеңі** болып табылады.

я **(ТӘУЕКЕЛ-СЕНТИМЕНТИНІҢ НАШАРЛАУЫ АЯСЫНДА ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫНДА АЙТАРЛЫҚТАЙ ТҮЗЕТУ ОРЫН АЛУДА)**

у Дамыған елдердің ақша-кредит саясатын күшейтуге ертерек көшуі аясында қаржы нарықтарында **түзету** орын алуда.

н Қыркүйектегі нарықтық құбылмалылық ең ірі **Evergrande Group** девелопердің дефолт тәуекеліне байланысты Қытайдың борыштық нарығындағы **дағдарыс қаупін** және Еуропа мен Азиядағы газ бағасының өсуін күшейтті.

о Қыркүйектің қорытындысы бойынша **АҚШ** доллары **1,7%-ке** нығайды, **дамушы** елдердің валюталары **2,9%-ке** әлсіреді. **Дамыған және дамушы** елдер акцияларының **жаһандық индекстері** **Тәуекел дәрежесінің нашарлауына** байланысты **4,3%-ке** және **4,2%-г**

ке төмендеді. **АҚШ-тың 10 жылдық мемлекеттік бағалы қағаздарының** кірістілігі қыркүйекте мемлекеттік борыштың жоғарғы шегімен шиеленіске байланысты **18 базалық тармаққа** өсті.

Нәтижесінде **акциялар, алтын мен дамыған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздары** құнының бір мезгілде төмендеуі аясында қаржы нарықтарынан капиталдың **әкетілуі** байқалады.

(2021 ЖЫЛҒЫ 9 АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ИНФЛЯЦИЯ ӨСТІ)

Көкөніс бағасының **8,7%-ке** және **жеміс** бағасының **2,4%-ке** сезондық төмендеуіне қарамастан, жоғарыда аталған факторлардың қысымымен **Қазақстанда** инфляция **8,9%-ке** жетіп, **жылдамдауын** жалғастырды.

Бір айда **ет (1,3%), өсімдік майы (0,6%)** және **қант (1,1%)** бағасының өсуіне байланысты **11,4%-тен 11,5%-ке** дейін жеделдеген **азық-түлік инфляциясы** негізгі үлес қосуды жалғастыруда.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция қыркүйекте **дизель** (бір айда **3,8%**), **газ (0,9%)** және **көмір (1,9%)** бағасының көтерілуі аясында **7,3%-тен 7,5%-ке** дейін **0,2 пайыздық тармаққа** өсті.

Жанар-жағар майдың бұдан былайғы қымбаттауы және **дәнді-дақылдар** бағасының өсу ықтималы инфляцияны **тұрақтандыруға** айтарлықтай тәуекел тудырады.

Сыртқы инфляциялық аяның, әсіресе Ресей Федерациясы сияқты негізгі сауда әріптестері болып табылатын елдердің инфляциялық аясының **нашарлауы** инфляциялық **қысымның қосымша көзі** болып табылады.

Мұндай жағдайларда **монетарлық емес факторларды тұрақтандыруға** бағытталған **Инфляцияға қарсы** ден қою шараларының кешенін **тиімді** іске асыру **2021** жылы инфляцияны дәліздің **жоғарғы шегі 7,5-8,5%-ке қайтаруы** тиіс. Өз тарапынан, Ұлттық Банк сыртқы нарықтар мен ішкі ахуалға жан-жақты талдау жасау

негізінде **дезинфляциялық** ақша-кредит саясатын жүргізуді **жалғастырады**.

(БИЫЛҒЫ ЖЫЛҒЫ ҚЫРКҮЙЕКТЕ ЖЫЛДЫҚ ИНФЛЯЦИЯ 17 ӨҢІРДІҢ 13 ӨҢІРІНДЕ ЖЫЛДАМДАДЫ)

Монетарлық емес факторларды тұрақтандыру үшін биылғы жылғы **қыркүйекте** Үкімет әкімдермен бірлесіп **Инфляцияға қарсы ден қою** шараларының кешенін іске асыруды **бастады**.

Нәтижесінде **әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарлары** бағасының жинақталған өсімі **тамыздағы ең жоғары 10,4%-тен** биылғы жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша **9,6%-ке** дейін **төмендеді**. Алайда, қазанның бірінші аптасының қорытындысы бойынша баға **өсуін жалғастырып**, биылғы жылдың басынан бері **9,9%** болды. **Жұмыртқаның, тауық етінің, қырыққабаттың, қанттың және сиыр етінің** қымбаттауы әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының қымбаттауына негізгі үлес қосты.

Қыркүйекте **дизель отынына** бағаның өсуі **3,8%-ті** құрады, ал жекелеген облыстарда **10%-тен** асты. Өндірістің өсуіне, сондай-ақ экспорттың тоқтатыла тұруына қарамастан, **инфляциялық қысымды** күшейтетін және **басқа тауарларға** жанама әсер ететін **дизель отынының тапшылығы** байқалады.

Өткен айда жылдық инфляция **17 өңірдің ішінен 13 өңірде жылдамдады**. Бұл ретте, ол **6 облыста 9%-тен асады**.

Ұлттық Банктің пікірі бойынша, **өңірлік нарықтардағы** бағаларды **тұрақтандыру** және тауарлар **тапшылығына жол бермеу** биылғы жылы инфляцияны «ұстап тұрудың» негізгі факторлары болып табылады.

(ТЕҢГЕ БАҒАМЫ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫРКҮЙЕКТЕ БІРШАМА ӘЛСІРЕДІ)

Мұнай бағасының **айтарлықтай** өсуіне қарамастан, ішкі валюта нарығында өсіп келе жатқан **сұраныс** теңгенің айырбастау бағамына **қысым** көрсетуде.

2021 жылғы 9 айда биржада екінші деңгейдегі банктердің сатып алуы **19%-ке** ұлғайды және 2021 жылғы 7 айда **тұтыну** тауарлары **импортының 25%-ке** ұлғаюы аясында орташа алғанда айына **2,6 млрд.** АҚШ долларына жетті. **Фискалдық ынталандыру және зейнетақы жинақтарын пайдалану** да импорттың ұлғаю және шетел валютасына сұраныстың өсу факторлары болып табылады.

Бюджетке трансферттерді жүзеге асыру және **квазимемлекеттік сектор субъектілерінің** сатуы үшін **Ұлттық қор қаражатын конвертациялау операциялары** бір ай ішінде теңгеге қолдау көрсетті. Биылғы жылғы 9 айда квазимемлекеттік сектор компаниялары валюталық түсімді **2,3 млрд.** АҚШ доллары сомасына сатты.

АҚШ долларының жаһандық нығаюы дамушы елдердің валюталарына, оның ішінде **теңгеге де қысым көрсетуін жалғастыруда.** Нәтижесінде, мұнай бағасының бір баррель үшін **78,52** АҚШ долларына дейін **7,6%-ке** айтарлықтай өсуіне қарамастан, бір айда ұлттық валюта бір АҚШ доллары үшін **425,75** теңгеге дейін **0,1%-ке** әлсіреді. 11 қазандағы жағдай бойынша айдың басынан бастап **0,3%-ке** нығайып, бір АҚШ доллары үшін **424,55** теңге болды.

(НАРЫҚТЫ ТҮЗЕТУ НӘТИЖЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІ ТӨМЕНДЕДІ)

АҚШ Федералдық резервтер жүйесінің ынталандыру бағдарламасын тоқтату, сондай-ақ нарықтардағы түзету сияқты әлемдік нарықтардағы негізгі үрдістер елдің халықаралық резервтерінің төмендеуіне ықпал етті.

Ұлттық қордың активтері бір айда **1,9 млрд.** АҚШ долларына төмендеп, биылғы жылғы қыркүйектің соңында **55,0 млрд.** АҚШ доллары болды.

Қыркүйекте **392 млрд.** теңгеге нысаналы және кепілдендірілген трансферттер бөлуді қамтамасыз ету үшін **913 млн.** АҚШ доллары сатылды.

Қыркүйекте Ұлттық қорға түскен **түсімдер 135 млрд.** теңге, оның ішінде шетел валютасында **259 млн.** АҚШ доллары немесе баламасында **110 млрд.** теңге болды.

Биылғы жылғы қыркүйекте Ұлттық қордың **инвестициялық кірісі теріс** қалыптасып, активтердің барлық сыныптары бойынша түзетуге байланысты **(-)1,20 млрд.** АҚШ доллары немесе **(-)2,11%** болды.

Активтердің барлық сыныптары бойынша бағалардың **бір мезгілде** төмендеуі **қысқа мерзімді** сипатқа ие. 11 қазандағы жағдай бойынша Ұлттық қордың **инвестициялық кірісі ішінара қалпына келді** және айдың басынан бастап **250 млн.** АҚШ долларын құрады. Ұзақ мерзімді перспективада **Ұлттық қордың стратегиялық аллокациясы тәуекелдерді теңгереді.**

(АЛТЫН БАҒАСЫНЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫ АЯСЫНДА АЛТЫНВАЛЮТА РЕЗЕРВТЕРІНІҢ ҚҰНЫ ТӨМЕНДЕДІ)

Алтынвалюта резервтері **биылғы жылғы қыркүйектің соңында 35,6 млрд.** АҚШ долларын құрап, ай басынан бастап **1,2 млрд.** АҚШ долларына төмендеді.

Алтын портфельі ауқымды ынталандыру бағдарламасын тоқтату туралы АҚШ Федералдық резервтер жүйесінің сигналдары аясында **АҚШ қазынашылық облигациялары кірістілігінің** өсуі нәтижесінде алтын бағасының бір унция үшін **1731 АҚШ долларына дейін 4,6%-ке** төмендеуі есебінен **0,8 млрд.** АҚШ долларына **азайды.**

Еркін конвертацияланатын валютадағы активтер негізінен **корреспонденттік шоттардағы қалдықтардың төмендеуі есебінен 0,4 млрд.** АҚШ долларына **азайды.**

Жалпы халықаралық резервтер 90,6 млрд. АҚШ долларын құрады.

(ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ӨСУІН ҚОЛДАЙДЫ)

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері жыл басынан бері **194,3 млрд.** теңгеге немесе **1,5%-ке** ұлғайып, биылғы жылғы қыркүйектің соңында **13,1 трлн.** теңге болды.

Есепті күнге салымшылардың зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алуға арналған **орындалған өтініштерінің** саны **1,9 трлн.** теңгеге **491,7 мың** болды, оның **97,5%-і** тұрғын үй мәселелерін шешуге тиесілі.

Биылғы жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша инфляция **6,2%** болған кезде **8,9%** мөлшерінде **кірістілік** алынды. Осылайша, биылғы жылдың басынан бастап Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары үшін **2,7%** мөлшерінде **нақты кірістілік** қамтамасыз етілді.

Құрметті әріптестер!

Қазақстандағы инфляцияның ағымдағы **жеделдеуі** **сыртқы** факторлармен де, **ішкі** факторлармен де тең дәрежеде туындады.

Әлемдік тауар нарықтарындағы **теңгерімдікті** арттыру, **жеткізу тізбегін** қалпына келтіру аясында **келесі жылдың соңына таман сыртқы факторларды тұрақтандыру** күтіледі.

Мұндай жағдайларда орта мерзімді перспективада жекелеген ішкі нарықтардағы **теңгерімсіздікті жоюға** және инфляциялық қысым факторы ретінде **импортқа тәуелділікті азайтуға** негізгі күш-жігер бағытталуы тиіс.

Мысалы ретінде, бүгін қазақстандық импорттың **40,8%-ті** Ресейге тиесілі, бұл биылғы жылғы қыркүйекте Ресейдегі инфляцияның **7,4% рекордтық** деңгейге дейін **үдеуін** ескере отырып, **көрсеткіштік** мән болып табылады.

Контрциклді бюджет қағидасын енгізуді аяқтау және бюджет шығыстарының **өсу қарқынын шектеу** инфляциялық қысымды төмендетудің барынша маңызды аспектісі болып табылады.

Осы шаралар кешенін табысты іске асыру ақша-кредит және бюджет саясатын **үйлестіруді** күшейтуге және **инфляция** бойынша **2022** жылы **4-6% дәлізіндегі** мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Назарларыңызға рақмет!